




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қазан 2024

2024 жылдың қазан айында жылдық инфляция қайтадан жеделдеп, 8,5%-ға жетті.


Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы дефляциясы, және азық-түлік өндірушілердің жылдық бағасының дезинфляциясы аясында азық-түлік бағасының өсу қарқыны баяулай түсті.

Азық-түлік емес тауарлардың жылдық инфляциясы тұрақты тұтыну сұранысы мен теңгенің номиналдық айырбас бағамының әлсіреуі аясында импорт бағаларының өсуіне байланысты жеделдеді. Сонымен қатар, жанар-жағармай бағасының баяу өсуі тұтыну бағаларының дезинфляциясына әсер етіп отыр.

Қызмет көрсету инфляциясы да жылдық мәнде жеделдеді. Оған негізгі қозғаушы күш болған факторлардың бірі – реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі. Бұған қоса, кейбір нарық қызметтері бағасының өскені байқалып отыр.


2024 жылдың қазан айында жылдық инфляция көрсеткіші 8,5%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қыркүйекте – 8,3%). Бағалардың бір айдағы өсу қарқыны да алдыңғы аймен салыстырғанда жеделдеп, 0,9%-ға жетті (0,4%). 2017-2021 жылдардағы қазандағы орташа тарихи өсу көрсеткіші – 0,7%.

Маусымдық факторлар есепке алынбаған инфляция көрсеткіші де айлық мәнде 0,83%-ға дейін жеделдеді (0,63%) (1-график).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеуі

Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция құрылымында азық-түлік емес тауарлар және қызмет көрсету компоненттерінің жеделдеуі байқалады. Азық-түлік емес тауарлар инфляцияның баяулауына қарамастан, аннуализацияланған өсу қарқыны әлі де инфляцияның 5% мақсатты деңгейінен жоғары болып отыр (2-график).

Маусымдық түзетуді ескергенде майлар мен тоң майлар, балық және теңіз өнімдері, тұрмыстық техника, дыбыс-бейне шолу жабдығы мен фотоаппараттар, ақпарат өңдеуге арналған жабдықтар, дәрі-дәрмектер мен медициналық жабдықтар, сумен жабдықтау, кәріз, көлік және байланыс қызметтерінің бір айдағы бағасы өскені тіркелді.

Әртүрлі әдістер¹ арқылы есептелген маусымдық факторлар есепке алынбаған базалық инфляцияның медианалық бағасы айлық мәнде 0,60% болды, яғни алдыңғы кезеңдегі 0,55%-бен салыстырғанда жеделдеді. Сонымен қатар, 2024 жылдың қазан айында маусымдық факторлар есепке алынбаған базалық инфляцияның бағалау диапазоны сәл кеңейді, бұл инфляциялық үдерістердің құбылмалылығы артқанын байқатады (3-график).

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік инфляциясы

2024 жылдың қазан айында азық-түлік бағасының жылдық өсу қарқыны 4,9%-ға дейін баяулады. Жұмыртқа, қант және кондитерлік өнімдер, ет және ет өнімдері, нан-тоқаш өнімдері мен жармалардың бағасының өсу қарқынының баяулауы дезинфляциялық әсердің негізгі факторлары болып отыр. Сонымен қатар, майлар мен тоң майлар, жемістер мен көкөністер, кофе, шай және какао жылдық азық-түлік инфляциясына проинфляциялық үлес қосты (4-график).

4-график. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентілі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

2024 жылдың қазан айында азық-түлік бағасы айлық мәнде 0,4%-ға өсті (2024 жылғы қыркүйекте – 0%). Айлық азық-түлік инфляциясына жұмыртқа, майлар мен тоң майлар, балық және теңіз өнімдерінің бағасының өсуі қатты қысым түсірді. Сонымен қатар, жемістердің бағасы одан ары арзандауы, сондай-ақ қант, джем, бал, шоколад және кондитерлік өнімдердің бағасының түсуі азық-түлік инфляциясының динамикасы төмендеуіне әсер етті.

Бір айдағы азық-түлік инфляциясына қатты ықпал еткен негізгі фактордың бірі жұмыртқа бағасының 3,2%-ға дейін өсуі болды (2024 жылдың қыркүйегінде – 6%). Бағаның қымбаттауының негізгі себебі – ауыл шаруашылығында жұмыртқа өндірушілерінің бағасының айтарлықтай өсуі. Сонымен қатар, майлар мен тоң майлар бағасының өсуі де азық-түлік инфляциясына қосымша қысым түсірді. 2024 жылдың қазан айында олардың бағасы 1,7%-ға өсті (қыркүйекте – 1,8%). Бұл өсім ауыл шаруашылығында күнбағыс бағасының өсуіне байланысты майлар мен тоң майлар өндірушілердің бағасының өсуіне, сондай-ақ әлемдік нарықтағы май бағасының өсуіне байланысты болды.

2024 жылдың қазан айында ет бағасының бір айдағы өсу қарқыны 0,2% болды. Бұл санатта ең көп өсім құс етінде байқалып, оның бағасы бір айда 0,4%-ға өсті. Тауық етінің қымбаттауы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасының айтарлықтай өсуімен түсіндіріледі. Ал басқа ет түрлерінің бағасы орташа деңгейде ғана өсті.

Бір айдағы азық-түлік инфляциясын төмендеткен тауарлар – жеміс-жидек пен көкөніс, қант, джем, бал, шоколад және кондитерлік өнімдер. 2024 жылдың қазан айында жеміс-жидек пен көкөніс бағасы 1,1%-ға төмендеді. Жемістер ішінде бағаның төмендеуін негізгі қозғаушы тауарлар – жүзім (-5,7%), алма (-3,4%) және алмұрт (-2,2%) болды. Сонымен қатар, киви (7,8%), лимон (7%), апельсин (6,7%) және банан (2,4%) бағасының өсуі тіркелді.


Көкөністерден сәбіз (-10%), қызылша (-3,2%), пияз (-2,8%) және картоп (-2,1%) бағасы төмендеді. Бұл бағаның төмендеуі маусымдық сипатқа ие және егін жинау науқанымен байланысты. Дегенмен, көкөністердің бағасы айлық мәнде 0,7%-ға өсті, бұл – жалпы көкөніс құнының 2024 жылғы наурыздан бері алғаш рет өсуі. Әсіресе, қияр (9,7%), қызанақ (8,6%), түрлі-түсті қырыққабат (6,9%) және сарымсақ (6,8%) бағасының айтарлықтай өскені байқалды.

Қанттың тұтыну бағасы 2024 жылдың қазан айында 1,6%-ға төмендеді. Қанттың 5 ай қатарынан арзандауы қант өндірушілердің бағасының төмендеуіне байланысты. Алайда, 2024 жылғы қаңтар-тамыздағы мәліметтерге сәйкес, қанттың шамамен 72%-ы импортталатынын ескере отырып, кейінгі 2 айда әлемдік қант бағасының өсуі оның алдағы құнына әсер етуі мүмкін.

Азық-түліктің әлемдегі және ішкі бағасы

2024 жылдың қазан айында өсімдік майын қоспағанда, барлық негізгі азық-түлік түрлері бойынша ішкі бағалардың сыртқы бағалардан жоғары болуы жалғасты. Дегенмен, өсімдік майынан басқа барлық санаттарда ішкі және сыртқы бағалар арасындағы айырмашылықтың азайғаны байқалады.

5-график. Дәнді дақылдар, нан-тоқаш өнімдері мен жарма, ұн, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі²


2024 жылдың қазан айында әлемдік өсімдік майының бағасы өткен айдағымен салыстырғанда 7,3%-ға (АҚШ долларымен) қымбаттады, жылдық өсім 27,3% болды. Әлемдік өсімдік майының бағасы соңғы екі жылдағы ең жоғары деңгейге жетті. Барлық май түрлерінің бағасы өсті.

Кейінгі бірнеше айда Қазақстандағы өсімдік майының қымбаттауы мен әлемдік бағалардың өсуі арасындағы айырмашылық айтарлықтай артты. Әлемдік майлар бағасының өсуі ішкі бағаларға қарағанда әлдеқайда жоғары болды, бұл сыртқы және ішкі бағалар арасындағы айырмашылықтың ұлғаюына әкелді. Сонымен қатар, 2024 жылдың қазан айында теңгенің номиналдық айырбас бағамының әлсіреуі майлардың бағасы бойынша айырмашылықтың өсуіне әсер етті (6-график).

2024 жылдың қазан айында әлемдік астық бағалары екінші ай қатарынан өсуін жалғастырып, айлық мәнде (АҚШ долларымен) 0,8%-ға өсті (жылдық мәнде 8,3%-ға төмендеді). Соған қарамастан, қазіргі баға деңгейі өткен жылғы деңгейінен төмен болып қалып отыр.

Әлемдік астық бағаларының жылдамырақ өсуі және 2024 жылдың қазан айында теңгенің номиналдық айырбас бағамының әлсіреуі ішкі және сыртқы бағалардың (теңгедегі) арасындағы айырмашылықтың қысқаруына алып келді (5-график).

6-график. Өсімдік майлары, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

² Мұндағы және 6,7,8 кестелердегі есептеулер теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамымен жүргізілді




2024 жылдың қазан айында әлемдік нарықта қанттың бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 2,6%-ға өсті (АҚШ долларымен есептегенде). Бұл ұсыныстың азаюына байланысты туындаған алаңдаушылықтың (жылдық мәнде 18,6%-ға төмендеді) нәтижесі болып отыр.

Қанттың әлемдік бағасының теңгемен есептегендегі өсімі 2024 жылдың қазан айында әлемдік нарықтағы қанттың қымбаттауы мен теңге бағамының әлсіреуі салдарынан едәуір жеделдеді. Осылайша, ел ішіндегі қант бағасының өсу қарқынының баяулауына қарамастан, ішкі және сыртқы бағалар арасындағы айырмашылық азайды (7-график).

2024 жылдың қазан айында әлемдік нарықта еттің бағасы алдыңғы айдағымен салыстырғанда 0,3%-ға төмендеді (АҚШ долларымен есептегенде). Бұл шошқа еті мен құс етінің арзандауына байланысты болды (жылдық мәнде 7,5%-ға өсті).


Қазандағы теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының әлсіреуі, әлемдік нарықтағы бағаның төмендеуі және ел ішіндегі етті тұтыну бағасының аздап өсуі ішкі және сыртқы ет бағалары арасындағы айырмашылықтың сәл қысқаруына ықпал етті (8-график).



Азық-түлік емес тауарлар инфляциясы

2024 жылдың қазан айында азық-түлік емес тауарлардың жылдық бағасының өсімі 7,8%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қыркүйекте – 7,6%). Тауарлар құрылымында дыбыс-бейне шолу жабдығы мен фотоаппараттар, ақпаратты өңдеу жабдықтары, аяқ киім, тұрмыстық техникалар, үй шаруашылығына арналған заттар, автомобильдердің қосалқы бөлшектері бойынша бағалардың жылдық өсу қарқынының жеделдеуі байқалады. Сонымен қатар, киім-кешек, жиһаз, үйге арналған заттар, автомобильдер, жеке қолдануға арналған тауарлар мен құралдарға байланысты дезинфляция байқалады. Шыныдан жасалған бұйымдар, ас үй ыдыстары, тұрмыстық заттар және жеке қолдануға арналған электр құрылғылары бойынша жылдық дефляция тіркелді (9-график).

9-график. Тауарлардың азық-түлік емес жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылдың қазан айында азық-түлік емес тауарлардың айлық бағасының өсуі 1%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қыркүйекте – 0,6%). Бұл жеделдеуге көп үлес қосқан дыбыс-бейне шолу жабдығы мен фотоаппараттардың, сондай-ақ ақпаратты өңдеу жабдықтарының (7,8%), оның ішінде теледидарлардың (10%), ноутбуктердің (7,8%) және планшеттердің (7,7%) бағасының көтерілуі болды. Сонымен қатар, тұрмыстық техникалардың (2,6%), оның ішінде ас үй плиталарының (8,3%), тоңазытқыштардың (7,7%) және кір жуатын машиналардың (6,2%) бағасының өскені байқалды. Бұл тауарлардың бағасы номиналды теңге бағамының әлсіреуіне байланысты бағаның өзгеруі жалғасқандықтан артты.

Сонымен қатар, қазанда аяқ киімнің (1,3%) және қатты отынның (2%) бағасының маусымдық факторларға байланысты айтарлықтай өскені тіркелді, ал аяқ киім бағасына бағам факторының әсері де күшейді.


Бұған қоса, қазанда шыны бұйымдары, ас үй ыдыстары және тұрмыстық заттардың бағасы (2,8%-ға), сондай-ақ кітаптар мен кеңсе тауарларының бағасы (0,1%-ға) төмендегені байқалды.

Қызмет көрсету инфляциясы

2024 жылдың қазан айында қызмет көрсету саласындағы жылдық бағаның өсімі 14,3%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қыркүйекте – 13,6%). Жылдық инфляцияның жеделдеуіне негізгі үлесті реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифтерінің 27%-ға дейінгі жылдық өсуі қосты. Қосымша проинфляциялық әсерді байланыс қызметтері (жылдық мәнде 15,5%) мен көлік қызметтері (12,6%) сияқты нарықтық қызметтер көрсетті. Сонымен қатар, нарық қызметтерінің көпшілігінен дезинфляциялық үрдіс, ал сақтандыру қызметтерінен дефляция байқатты, олардың бағасы жылдық мәнде 1,9%-ға төмендеді (10-график).

Айлық мәнде қызмет көрсету инфляциясы 1,4%-ға өсті (2024 жылғы қыркүйекте – 1%). Айлық инфляцияның жеделдеуіне негізгі үлесті реттелетін коммуналдық қызметтер қосты, олардың бағасы 3,4%-ға өсті. Сонымен қатар, байланыс қызметтері (2,8%-ға), әсіресе ұялы байланыс қызметтері (5%-ға) қымбаттады. Көлік қызметтерінің бағасының 2,5%-ға өсуі негізінен теміржол тасымалының 13%-ға қымбаттауына байланысты болды.


10-график. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылдың қазан айында реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тарифтерінің бір айдағы өсу қарқыны 3,4%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қыркүйекте – 1,2%). Қазанда суды жеткізу тарифтері 25%-ға, су бұру – 5,3%-ға, электр қуаты мен ыстық су – 0,6%-ға, орталықтандырылған жылу – 0,5%-ға, газ – 0,1%-ға өсті (11-график).


11-график. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-тамыз, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылдың қазан айында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің арзандағанына байланысты төмендеді. Бұл азық-түлік өнімдерінің бағасының өсу қарқынының баяулауына ықпал етті. Тұтыну және аралық тауарлардың импорттық бағалары АҚШ долларына шаққандағы теңгенің номиналды айырбас бағамының әлсіреуі жағдайында өсіре түсті. Қызмет көрсету саласында теміржол және әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифтері одан әрі өсті.

12-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар
ж/ж, %




Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасының төмендеуі тамақ өнімдерін өндірушілердің бағасының өсу қарқынының баяулауына ықпал етті. Осылайша, бидай бағасының төмендеуі көмірсулы өнімдердің көпшілігін өндірушілердің бағасының өсу қарқынын баяулатуға әсер етеді. Соған қарамастан, электр энергиясы мен сумен жабдықтау кәсіпорындарының қызметтері тарифтерінің өсуі түпкілікті бағалардың өсуіне әкелуі мүмкін.

Сусын өндірушілердің бағасының өсуіне отандық өндірістегі шыны бұйымдардың қымбаттауы, сондай-ақ сұйықтықтарды сақтау үшін шыны және пластмасса ыдыстардың импорттау бағасының өсуі ықпал етіп отыр.

Мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы мал бағасының өсу қарқынының баяулауына және құс еті бағасының төмендеуіне байланысты баяу қарқынмен қымбаттап жатыр (12-график). Мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы өсуіне құс жұмыртқаларын импорттауға тыйым салу ықпал етті, бұл қыркүйек пен қазанда жұмыртқа бағасының 7,3% және 5,4% жылдық өсіміне әсер етуі мүмкін.

Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы жылдық мәнде төмендеді, бұл негізінен бидай бағасының төмендеуіне байланысты болып отыр. Бұған биылғы өнімнің мол болуына байланысты астық қорының ұлғаюы ықпал етті. Сонымен қатар, астықты сақтау тарифтері одан әрі өсті.

13-график. Азық-түлік өндірушілердің бағасы
ж/ж, %




14-график. Тұтыну тауарларын импорттау бағалары және АҚШ долларының теңгеге шаққандағы номиналды айырбас бағамы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Аралық тауарлар арасында құрылыс материалдарының бағасы, әсіресе кірпіштер, плиткалар, шыны мен шыныдан жасалған бұйымдар, портландцемент және гипс қымбаттады. 2024 жылдың қаңтар-тамыз айларында балшық кірпіштері мен плиткалардың, сондай-ақ гипстің импортының үлесі сәйкесінше 36,9% және 32,8% болды. Импорттық өнімдерге сондай-ақ құрылыс шынысының 46,4%-ы және керамикалық плитканың 77,1%-ы кіреді. Осылайша, импорттық материалдардың қымбаттауы құрылыс саласындағы шығындардың артуына әкелуі мүмкін (15-график).

16-график. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Источник: БНС АСПР РК

2024 жылғы маусымда теңгенің номиналды айырбас бағамының әлсіреуі импорттау бағаларының өсуін жеделдетті. Биылғы тамызда телефон, тоңазытқыш, кір жуатын машина, принтер, санитарлық және тұрмыстық техниканы импорттау бағалары өсті.

Импортталатын дәрі-дәрмек одан ары қымбаттап жатыр, олардың ішкі тұтынуға үлесі жергілікті өндіріс көлемінен айтарлықтай артық. Импорттық жабдықтардың бағасының өсуі өндіріс шығындарының артуына және шығарылатын өнімдердің қымбаттауына әкелуі мүмкін (14-график).

15-график. Аралық тауарларды импорттау бағалары және АҚШ долларының теңгеге шаққандағы номиналды айырбас бағамы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылдың қазан айында теміржол көлігімен жүк тасымалдау тарифтері 18,2%-ға жетіп, өсуін жалғастырды. Бұл тарифтердің өсуі вагон паркінің жаңаруына және жұмысшылардың жалақысының өсуіне байланысты болып отыр.

Әуе көлігімен жүк тасымалдау құны сол күйі қалды. Ал автокөлікпен тасымал бағасы жылдық мәнде 0,3%-ға қымбаттады (16-график).